

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-11](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-11)
FTAMP: 16.01.21

А.Д. Амренов¹, Т.Б. Қабышев^{2*}

¹Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
140002, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 58

²Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка көшесі, 20 А

*e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

*ORCID: 0009-0007-7254-9472

ҚОҚАШ (ҚАРАСАЙ) ЕСЕНГЕЛДІҰЛЫНЫҢ (1840-1923) «ДҮНИЕ ҮШІН ҒИБРАТНАМА» ТОЛҒАУЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МАЗМҰНЫ

Андатпа. Жаһандану жағдайында ұлттық рухани мұраны зерделеу, оның ішінде дәстүрлі әдебиеттегі адамгершілік-имандылық құндылықтарды ғылыми тұрғыдан қайта бағалау ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын Қоқаш (Қарасай) Есенгелдіұлының шығармашылық мұрасын зерттеу қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелерінің бірі.

Мақаланың мақсаты – ақынның «Дүние үшін ғибратнама» толғауының идеялық-мазмұндық желісін, дүниетанымдық негіздерін, көркемдік жүйесін және тәрбиелік-дидактикалық мәнін кешенді түрде талдау арқылы оның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын анықтау.

Зерттеу барысында тарихи-функционалдық, герменевтикалық және компаративтік (салыстырмалы-тарихи) талдау әдістері қолданылды. Шығарманың мазмұны қазақтың дәстүрлі дүниетанымы, исламдық құндылықтар, сопылық ілім және ұлттық моральдық-этикалық ұстанымдар тұрғысынан сараланды. Нәтижесінде толғаудың идеялық негізінде исламдық таным мен дәстүрлі ақындық поэзияның өзара сабақтастығы жатқандығы анықталды. Сонымен қатар шығармадағы адамгершілік, имандылық, өткінші дүние, өмірдің мәні мен рухани кемелдену мәселелері жүйелі түрде талданып, олардың қазіргі қоғам үшін де тәрбиелік және ағартушылық маңызы дәлелденді. Зерттеу нәтижелері Қоқаш Есенгелдіұлының әдеби мұрасын ғылыми айналымға кеңірек енгізуге, қазақ әдебиетіндегі діни-дидактикалық бағыттың ерекшеліктерін тереңірек тануға және ұлттық әдеби мұраны кешенді зерттеуге жүйеленді.

Тірек сөздер: коммуникативтік ситуация, автор бейнесі, идеялық мазмұн, дидактика, діни терминдер, діни дүниетаным, ғұмырнамалық дидактика.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті – ұлттық сана-сезімнің оянуымен, ағартушылық идеялардың белең алуымен және адамгершілік-дидактикалық бағыттың тереңдеуімен ерекшеленетін күрделі кезең. Осы дәуірде өмір сүріп, артына өшпес рухани мұра қалдырған бірегей тұлғалардың бірі – Қоқаш (Қарасай) Есенгелдіұлы (1840-1923). Оның шығармашылық мұрасы халқымыздың дүниетанымы мен этикалық құндылықтарын бейнелейтін құнды қазына болып табылады. Ақынның сан қырлы мұрасының ішінде өмірлік мәні мен тәрбиелік сипаты жағынан ерекше орын алатын туындысы – «Дүние үшін ғибратнама» толғауы.

Бұл шығарманың бүгінгі күндегі өзектілігі – заман алға жылжығанымен, адам баласының рухани кемелденуі, моральдық құндылықтарды сақтауы және өмір мен өлім, фәни мен бақи тұрғысындағы пәлсапалық ізденістерінің ешқашан мәнін жоймайтындығында. Туынды атауы айтып тұрғандай, бұл – дүние қуып, фәнидің өткінші қызығына алданған пендеге бағытталған үлкен адамгершілік мектебі, өнегелі өсиеттер жиынтығы.

Мақаланың мақсаты – Қоқаш Есенгелдіұлының «Дүние үшін ғибратнама» толғауының идеялық-мазмұндық желісін жан-жақты талдап, оның ағартушылық-тәрбиелік мәнін ашу. Зерттеу барысында ақынның адам, қоғам және заман туралы толғаныстары, діни-сопылық және гуманистік көзқарастарының өзара сабақтастығы сараланады. Бұл тақырыпты зерделеу ұлттық әдебиет тарихындағы аз зерттелген тұлғалардың шығармашылығын жүйелеуге және бүгінгі қоғамның рухани қажеттілігін өтеуге септігін тигізеді.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысының негізгі эмпирикалық материалы ретінде Қоқаш (Қарасай) Есенгелдіұлының (1840-1923) «Дүние үшін ғибратнама» толғауының Қазан қаласында басылған кітабы (1907) және әртүрлі жинақтарда жарық көрген басылымдары алынды. Сонымен қатар, ақын өмір сүрген дәуірдің тарихи-әлеуметтік көрінісін айқындайтын мәліметтер, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен діни-ағартушылық ой-пікірдің даму үрдістерін сипаттайтын ғылыми еңбектер (әдебиеттанушы ғалымдар мен тарихшылардың зерттеулері) көмекші дереккөз ретінде пайдаланылды.

Толғаудың идеялық-мазмұндық тереңдігі мен көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты ашу үшін әдебиеттану ғылымында қалыптасқан келесі кешенді әдістер қолданылды:

Тарихи-функционалдық әдіс: Туындыны ақын өмір сүрген кезеңнің (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы) тарихи, әлеуметтік-саяси және мәдени контекстімен байланыстыра отырып, шығарманың өз дәуіріндегі атқарған рөлі мен бүгінгі күндегі маңызын айқындау мақсатында қолданылды.

Герменевтикалық (мәтінді түсіндіру) әдіс: «Дүние үшін ғибратнама» толғауының мәтіндік деңгейіндегі діни-сопылық терминдерді, философиялық ұғымдарды талдап, ақынның туындыға арқау еткен жасырын астарлы ойлары мен негізгі идеяларын (авторлық позициясын) тереңірек ұғыну үшін пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Кейінгі жылдарда халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін жалпы рухани болымысын жаңа заман биігінен қарап, жаңаша көзқараста жаңғырту міндеті қойылып отыр. Бұған үкімет тарапынан арнайы бағдарлама жасалып «Мәдени мұра» аясында біраз істер атқарылды. Бағдарламаны жүзеге асыру жылдарында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты кітаптар шығарылды. Олардың арасында: «Бабалар сөзі», құрамына Еуропа, Америка, Австралия, Африка, Азия мемлекеттерінің әдеби шығармашылығы кіретін «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы», «Әлемдік мәдениеттанушылық ойлар», «Экономикалық классика», «Әлемдік философиялық мұра» сериялары бар.

Өкінішке орай қазан төңкерісіне дейін Санкт Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Семей қалаларындағы баспаханалардан шыққан қазақ кітаптарының осындай іс-шаралардан тыс қалып келе жатқандығы.

А.Г. Каримуллиннің айтуынша, қазақ тілінде шыққан алғашқы кітап – «Киссаи Тамимдарды» 1866 жылы Ш. Хусаинов шығарған. Қазанда ол 6 рет – 1882, 1895, 1896, 1906, 1913 жж. баспадан шығарады. Ш. Хусаиновтың жеке баспасы болмағандықтан Қазанның түрлі баспасына тапсырыс беріп отырған [1].

Ү. Субханбердинаның деректеріне қарағанда қарағанда қазақ тілінде шыққан бірінші кітап 1807 жылы жарық көрген «Сейфүлмәлік» болып есептеледі [2].

Еділ бойында және Орал маңында 500 атау кітап 2186305 данамен шығарылды. Оның ішінен 474 атаулы кітаптардың 2037480 данасы Қазанда басылып шықты. XIX ғ. екінші жартысында Қазанда қазақ тілінде 114 кітап шыққан, оның жалпы тиражы жүздеген мың дана болған [1]. Кеңес дәуіріне дейін Ресейде, қазақ аймақтарын қосқанда 1100 атау қазақ кітаптары шығарылды.

Осы кітаптардың қатарында өткен ғасырдың басында баспа арқыл қазақ еліне кең тараған қазақ кітаптарының бірі – Қоқаш (Қарасай) Есенгелдіұлының «Дүние үшін ғибратнама» кітабы.

Алдымен кітап авторының өзіне тоқталып өтсек, Қоқаш Есенгелдіұлы 1840 жылы Зайсан көлінің батыс бөлігін тұтастай иеленіп жатқан қалың Найман елінде дүниеге келген. Жоғарыдағы баспа бетін көрген кітабынан басқа Қоқаштың ел арасында ауызша, жазбаша тараған өлеңдері де бар. Сондай бірнеше шумақ өлеңі Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Қарағандыкөл ауылының молласы Ыбырайым ақсақалдың жеке архивінен табылған болатын. Қолдан-қолға өтіп сарғайып әбден тозған, араб әрпімен таңбаланған қос бет қағаздың көп жері өшіп, оқуға жарамасыз болып қалған осы өлең шумақтары алғаш рет

«Жанай шежіресінде» жарияланды. Мұнда Қоқаш қажының өзінің туып-өскен жері, атамекені, ата-бабалары туралы біраз мағлұматтар кездеседі. Өлең мазмұны негізінен туған жермен қоштасу сарыныда жазылған:

Қарғыба, Базар қалды бізден аңырап,
Біз көштік Қарғыбадан қойдай маңырап...
...Аман бол *Базар - Боғас* ата мекен,
Атамыз таңдап жүріп қонған екен.
Көрмесем сағынатын бие сауым...
...Кереметтен Матай алып кетіп еді,
Бола тұр сен де есен *Қалба тауым*...
...Аман бол *Қарабұлақ, Ақсуатым*,
Айнала қонатұғын *Жанболатым*.
Манаста малдың бәрін қырып алып,
Жүдеді жаяу жүріп азаматым [3].

Коммуникативтік ситуациядағы *Қарғыба, Базар, Боғас, Қарабұлақ, Қалба тау* – барлығы заттық-оқиғалық фон тудырып тұрған тілдік фактілер Зайсан ойпатында ауа жайылып жатқан топонимдер, қазір де осы атаумен аталады. Қоқаш қажының ата қонысы, кір жуып, кіндік кескен туған жері.

Жастайынан білімге құштар болып, араб-парсы тіліндегі кітаптарды оқып, Ислам дінінің шариғат ережелерін, Құранды оқудың тәжуиттік амал-тәсілдерін меңгереді:

Он екімде ел жайын танып білдім.
Молладан сабақ оқып сауат ашып,
Оқысам түркі кітап аттай желдім.
13 пен 14-ке келгеннен соң,
Халал, харам екеуін айырып білдім.
Құранда тәнуин, идғам, ихфа, изһар,
Мәд уәджиб, мәд мұттасыл бәрін білдім.
3 фарсы, 2 араб кітап оқып,
Нәдәуір қыр халқына молла болдым.
Фарыз, уәджиб, мұстаһап, халал, харам,
Сүннәт, мубах айырып оны білдім [4].

Өлең жолдарында мәтін тудырушы автордың бейнесі көрінеді. Автор бейнесі, тікелей өз атынан пафосты «меннің айтылуы арқылы берілген. Өлең жолдарында орта дәрежелі діни білімнің пәндік аталымдары түгелге жауық аталған. Мұндағы тәнуин, идғам, ихфа, изһар, мәд уәджиб, мәд мұттасыл аталымдарының барлығы Құранды оқытудағы араб тілінің дыбыстық жүйесінің: дауысты, дауыссыз, созылыңқы дыбыстардың, дыбыс кідірістерінің аталым терминдері болса, фарыз, уәджиб, мұстаһап, халал, харам, сүннәт, мубах аталымдары шариғат ғылымының терминдері. Бұлардың барлығы «Ғылым сарф», «Ғылым наху», «Мантиқ», «Кәлам», «Тассауф», «Ғылым фикһ», «Хадис», «Тәфсир», «Мұхтасар», «Бидан», «Шарх Ғабдулла», «Ғауамил» сияқты пәндерді меңгеру үшін де керек білім бастауы. Бұлардың негізі Құранды тәжуитпен дұрыс оқытып, мағанасын тәпсірлеп, тәуилдеп меңгерту үшін оқытылатын пәндер мен шарғи заңдар, діни дүниетанымға қатысты ғылыми кітаптар. Қоқаш қажының бұл ғылымдарға да жүйрік екенін осы толғауының мазмұнынан, тиісті жерлерде Құран аяттары мен Хадис сөздерін тұтастай қолдануынан байқауға болады.

Қоқаш Есенгелдіұлының ата-тегі былай тарқатылады: Найман ішінде Жолымбет - Назар - Жанболат - Жанай - Байбол - Торғай, - Базар - Тілеміс, Тілемістен - Тана мырза, Есенгелді, Есенгелдіден - Қоқаш қажы, Қожамсейіт, Айымқожа.

Бұдан көріп отырғанымыздай Қоқаш қажы кезінде Арғын, Найманға ел басқару ісімен, ағартушылық, демеушілігімен танымал болған Тана мырзаның немере інісі болып келеді. Ол туралы өзінің ғұмырнамалық толғауында былай дейді:

Болғанда атам Базар, ағам Тана,
Ұлына төрт Байыстың болған пана.

Сахараға мешіт салып, дін үйретті,
Құдайым жаратар ма мұндай дана!
Фақырлар күндіз-түні қонақ болып,
Дұға қып кетуші еді мейір қана.
Солардың бәрі кетіп, бізге жетті,
Уай, халқым бұ да ғибрат ойла сана [4].

Тана мырзаға қатысты осы аймақтың тарихын зерделеп жүрген шежірелі қария Ақаш Жүнісұлы біраз дерек береді: «Тана Тілемісұлы 1803 жылы туған. ...1842 жылдың 10-қарашасынан 1854 жылдың 24-желтоқсанына дейін «Мұрын-Назар» болыстығының правителі Тана мырза Тілемісұлы болды.

Тана Мұрын, Жанай елінде беделді би де болды. Қайырымды, мейірімді, қолы ашық болғандықтан, мырза атанады. Тана мырза 1853 жылы Ертіс өзенінің Зайсан көлінен бөлініп ағатын тұсына таяу өз қаражатымен мешіт салдырады. Жаңадан орныққан ауыл аты да Тана мешіті атанады. Тана мешіті 75 жылдай діни қызмет орны болып Кеңес үкіметі орнаған тұста 1928 жылы мешіт бүліншілікке ұшырайды, ауыл орны иен қалып, ондағы тұрғындар жан-жаққа босып кетеді.

Тана мырза өз тұсында қарауындағы халықтың білім алуына да көп көңіл бөлген. Көкпекті жерінде қазақ балаларына арнап тұңғыш мектеп салдырды. Шорға жерінде «Ақмектеп» деген атпен әйгілі мектеп болған. Білім беруші ұстаздық жайын да ескерген. Үш бірдей жерде мешіт ашқан. Тана мырзаның бұл ісі Меккеге барып қажы атанғанмен бірдей және үлкен адамгершілік, имандылық, қайырымдылық ісі болмақ. Өзі де жан-жақты өнері бар, сегіз қырлы, бір сырлы адам болыпты.

Билігімен қатар, Тана мырза аға сұлтан да болған. Ел аралағанда ақын, балуан, және әншілерді ертіп жүретін болған» [5].

Тана мырзаның інісі Қоқаш қажының өзі де:

Би болдым Жанай-Көнші деген елге,
Жаманға қылған қайыр кетер селге.
Тананың бір інісі би болды деп,
Дүбірім кетіп еді талай жерге.
Шамамның келгенінше әділ болдым,
Болмадым тентекпенен жақындауға.
Шарифат бұйырмаған істі көрсем,
Көңілім сірә болмады мақұлдауға.
Байғұстың қатардағы биі болдым,
Төртеудің төбедегі бірі болдым.
Тентек пенен тексізге дұшпан болып,
Момынның Құдай деген пірі болдым.
Орта жүздің ішінде сөзден қайтпай,
Қамалға қарсы шапқан ірі болдым.
Бай мен фақыр екеуін бірдей көріп,
Фақырдың мекен қылар жері болдым.

Аруақ пен жәрдем болып бір Құдайдан [4], - деуіне қарағанда ел ішінде сыйлы, беделді билердің қатарында болған.

Белгілі абайтанушы Б. Байғалиев «Абай өмірбаяны архив деректерінде» атты зерттеуінде Қоқаш қажының 1885 жылы Қарамола съезіне қатысқаны туралы туралы мынадай дерек келтіреді: «Шар төтенше съезіне Абай қатарлы катысып, Зайсан уезі қазақтары атынан ережеге қол қоюшылардың бірі – Қоқаш Есенгельдин кезінде:

Шүкірлік, туғаным мың ай болды,
Көп жасап, өміріме көңілім толды.
Бас қосқан Орта жүздің жиынында,

Алдымда Жұмақан мен Абай болды, - деп, жыр шығарған екен. Бұған қарағанда, Шар төтенше съезінде Абайдың үш төбе бидің бірі болып сайланып, билік құрғандығы анықтала

түседі. Бір шумақ кәделі жырда Абаймен бірге аты аталатын Жұмақан Зайсан уезінің би ретінде съезге қатысып, ережеге 37 - болып қол қойған. Ол - қазақ арасынан алғашқы аға сұлтандық лауазымға (1844) тағайындалған белгілі штабс - капитан Қисық Тезековтың бел баласы. Ал өлеңнің авторы Қоқаш қажы ұзақ жылдар болыс, би қызметін атқарған, 1908 жылы Қазан қаласынан «Дүние үшін ғибратнәме» атты өлең жинағын шығарған, өз ортасына беделді, белгілі болған азамат. Қоқаш қажы ережеге 38 - болып қол қойған» [6].

1916 жылғы 25 маусым күнгі жарлығымен орыс патшасы қол астындағы отарланған қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түркімен сияқты бұрын әскери қызметке алынбаған халықтардың 19 бен 31 жас аралығындағы азаматтарын майданның қара жұмысына алу жарлығына қол қояды. Бұған қарсы қазақ халқы наразылық танытып әр аймақта көтеріліс болғаны тарихтан мәлім. Осындай қарсылық көрсеткендердің бірі Мұрын-Жанай елінің атқамінерлері Мүрсәлім болыс пен Қоқаш қажы болды. Бұл туралы Қ.Алтынбаев «Ақсуат» атты тарихи-өлкетанымдық еңбегінде айтып кетеді: «Патша үкіметінің қазақтан солдат алу саясатына жалғыз Мүрсәлім болыс қана қарсы болады. Мүрсәлім қол астындағы Қыржы, Мұрын руларын көтеріп Қытайға өтіп кетуге бет алады.

Қалбадан жексенбі күн халық көшкен,
Айрылды жақсы - жаман ақыл - естен.
Түйенің үш күн, үш түн қомын алмай,
Қарғыба, Базарға кеп, бірақ шешкен.

Қоқаш қажы өзіне ерген елу - алпыс адаммен арғы бетке өтіп кетеді. 1917 жылы Қазан төңкерісіне байланысты Қытайға ауып барғандардың да көзі ашылады» [7].

Кейін Қоқаш қажы мен Мүрсәлім болыс соңдарынан ерген адамдарымен қоса, туған жерінің құшағына оралды. Елі үшін, жері үшін қызмет етіп, артына азын-аулақ өлеңдерімен жазба мұра қалдырған «Қоқаш қажыға 83 жасында 1923 жылы өз жерінен топырақ бұйырды» [7].

Ал енді Қоқаш қажының баспа жүзін көрген «Дүние үшін ғибратнама» кітабына келсек, кітап 1907 жылы Қазанда Кәрімия баспасында тасқа басылған. Негізгі мазмұны өз өмірінің белестерін, алған білімі, жастық шақтағы ойнақтап жүріп от басқан қателіктері, қартайғандағы ой-толғаныстарын тәпшітеп баяндайды. Яғни өзінің өмір белестерін, көрген білгендерін, өмірден түйген тәжірибесін поэзия тілімен діни дидактикалық сарында жеткізеді.

Адам баласының өмір белестерін сипаттап толғаған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық. Бұл тақырып жалпытүркілік әдебиетте «Күлтегін» жырынан басталады:

Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды.
Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды.
Он алты жасқа келгенде ағам қағанның ел-жұртын сонша молайтты.
...Жиырма бір жасында Чача Сенүнмен айқастық
...Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде қырғыздарға қарсы аттандық...
...Күлтегін сол соғыста отыз жаста еді,
Алып Шалшы атқа мініп шабуылға ұмтылды
...Күлтегін қой жылы, он жетінші күні өлді
...Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді, [8]

Қазақтың төл әдебиетінде ХҮІІІ ғасырдағы Бұқар жыраудың «Жиырма деген жасыңыз..» толғауы, одан кейінгі Шал ақынның (1748-1819) «Үш-төрттен талап еттім асық жинап», «Он бестегі жасым-ай», Мәделі Жүсіпқожаның (1816-1888) «Басында қатыра судан болдық пайда», Құлтума Сармұратұлының (1840-1915) «Өмір туралы», Базар жыраудың (1842-1911) «Жігіттік», «Жиырма бес», Ақан серінің (1843-1913) «Жастық шақтар», Кердері Әбубәкірдің (1861-1905) «Сырқау болып жатқанда айтқан өлеңі», Шораяқтың Омарының (1878-1924) «Өмір өрнектері», Тұрмағамбет Ізгілеуұлының (1882-1939) «Өмір өткелдері» толғаулары жастық шақ, кәрілік, адам өмірінің белестері жайлы ғұмырнамалық-дидактикалық туындылар. Бұлардың барлығына ортақ сарын фәни дүниенің жалғандығы,

дүниенің өтуі, адам баласының бұ дүниедегі тіршілігінің мәні жайындағы діни фәлсәфалық толғаныстар.

Қоқаш қажының да толғауы осы аңсардан туған шығарма, өмір кезеңдерін діни танымдық, имани-адамгершілік тұрғысынан жырлайды. Толғаудың құрылымдық, мазмұндық жүйесі де діни шығармалар тәсілімен жазылған:

Сөйлеймін бисмиллаһ деп сөзді бастап,
Қолыма өлең жаздым қалам ұстап.
Құдая фақырыңды жарылқа деп,
Сабах, шам тіленемін көзді жастап.
немесе,
Атыңнан айналайын зү-л -Жәләлім,
Белгілі бір өзіңе менің халім- деп Жаратушыға мұнажат етіп,
кейде,
Мұхаммед айналайын үмметіңмен,
Махшарда барша құлға қыл шафағат,- деп Мұхаммед пайғамбарға салауат етіп,
енді бірде

Достыңның ғасы жәфи үмметіне,
Төрт жары пайғамбардың бергіл мәддәд, – деп Осман, Омар, Әбубәкір, Әли шадиярларға медет етеді. Бұл ақынның діндарлығын, ислам қағидаларын жетік білетіндігін аңғартады.

Қоқаш қажының толғауының бір ерекшелігі – сол тұстағы діни-ағартушылық әдебиетте кеңінен сөз болған тақырып Алланы танудың ғылыми негіздері көрсетілген. «Мән эарафа нәфсуһу фақад эарафа раббуһу» яғни «Өзін таныған Алланы таниды» хадисін негізге ала отырып, өзінің айтуынша «Өзімнің зат сифатым танысын деп, Жаратып бізді қылды адами пәк», деп Алла тағаланың Адамды жаратудағы құдіретін ақын өлеңмен былай жеткізеді:

Асылымыз әб*, бәд*, аташ*, хақ*,
Жаратты бізді сонан рәбу – л - Әфләк*.
Өзімнің зат сифатым танысын деп,
Жаратып бізді қылды адами пәк.
Халал, харам екеуін айырсын деп,
Көз, құлақ, ақыл берді фәһім идрак*.
Он сегіз мың ғаламнан афзал дейді,
Бәрінен махлұқаттың қылып зерек [4]
немесе:

Жаратты әб, хәк, аташ, бәд,
Бұл төрттен түзетгі джисм бәниад [4]

Мұндағы: әб –су, бәд - топырақ, аташ - от , хақ – ауа, яғни Алла тағаланың Адам атанының тәнін (джисми бәниад – адам денесі) алғаш жаратқандағы қосылыстар. Бұлардың дәлелі Құран аятында да негізделген: «Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестіреді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды. Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты. Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рухын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. (32-Сәжде, 7-9-А). Осыған байланысты Мәшһүр Жүсіп: «Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде ақылдан ғазиз уа шариф нәрсе жоқ, дәнемеге қосыла алмай, жалғыз өзі неменеге жарайды.

Жаннан аяулы, онан қадірлі не нәрсе бар, дәнемеге қосылмай жалғыз өзі тұрғанда ол неменеге жарады, Бұл екеуі (ақыл мен жан) қанмен қосылып еді, үшеуі бір жерге бас қосқан соң, мінекей біз адам болып отырмыз. Адамның адам болып тұрғаны –осы үшеуінің бір жерге бірігуінен. Бұлардың басын бір араға қосып, біріктіріп тұрған – от, су, топырақ, жел – төртеуі бір жерге жиылумен дене болды» [9], -деп адам жаратылысының құпиясын дін ғылымына негіздей отырып (Құран аятары, Хадис сөздері т.б), тереңнен қарастырады.

Осы алғашқы жаратылыстан кейінгі адам өмірінің одан ары қарай өтуін Қоқаш қажы ата мен ананың себебінен бастайды:

Әуелі бір қасықтай ақ су едім,
Атамыздан анаға себеп келдім.
Одан соң қырық күнде қан болдым,
Және 20 күннен соң ләхм болдым.
Мұнан соң 20 күнде сүйек жасап,
Және ет болып сүйекке киім болдым.
Мұнан соң сурет жасап жан берді де,
Тоғыз ай он күннен соң дүниеге келдім.
Тоғыз ай он күннен соң түстім жерге,

Еш нәрсені білмеймін пәлен дерге [3], -деп ары қарай өзінің саналы өмірінен бастап 65 жасқа дейінгі ғұмырын баяндайды. Әр өмір кезеңінің мәнін ашып (балалық, жастық, жігіттік, ой тоқтатқан, орта жас)

Осы діни ағартушы ақындар өлеңдерінде интермәтіндік байланыс бар. Мәселен осы тақырыптағы Нарманбет Орманбеттің «Бала қайдан» толғауы:

Бір еркек бір әйелмен жұпты болмақ,
Махаббат, ойын-күлкі мықты болмақ.
Бой балқып, сүйек толқып, көңіл иіп,
Әйелі Алла жазса жүкті болмақ.
Ұйымақ қатыра сөл қатық болып,
Қан болып, шеміршек боп, жатып толып.
Ет-сүйек, инсан сипат біте бастар,
Бесінші ай тебірендірмек жан кеп қонып .
Сол сурет бес ай жанды, төрт ай жансыз,
Тұншықпай тар қапаста сүтсіз, нансыз,
Тәңірім тәрбие еткен қандай шебер!?

[10] мәтін аралық байланысты көрсетеді. Бұлардың түп нұсқасы Құран аяттарында жатыр.

Қорытынды

Қоқаш (Қарасай) Есенгелдіұлының «Дүние үшін ғибратнама» толғауының идеялық-мазмұндық желісі мен көркемдік сипатын кешенді түрде талдау барысында мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

Ұлттық құндылықтар діңгегі: «Дүние үшін ғибратнама» – жай ғана діни-дидактикалық туынды емес, ол ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани-моральдық дағдарысына қарсы бағытталған, ұлттық тәрбиенің негіздерін насихаттайтын шығарма [11].

Толғаудың тілі шұрайлы, афоризмдер мен метафораларға бай [12]. Қоқаш Есенгелдіұлы күрделі философиялық және діни ұғымдарды қарапайым халық тілімен, өткір де бейнелі теңеулермен жеткізе отырып, шығарманың эстетикалық әсерін күшейткен.

Түйіндей айтқанда, Қоқаш Есенгелдіұлының «Дүние үшін ғибратнама» толғауы – қазақ әдебиеті тарихындағы ойшылдық-ағартушылық бағыттың жарқын үлгісі. Ақынның бұл рухани мұрасы бүгінгі жаһандану заманында да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Оны тереңірек зерттеп, жас ұрпақтың санасына сіңіру – қазіргі қоғамның рухани жаңғыруы мен ұлттық бірегейлікті сақтау ісіне қосылатын үлкен үлес болып табылады.

Әдебиеттер

1. Каримуллин А.Г. Книги и люди. – Казань: Татарское книжное издательство, 1985. – 304 с.
2. Субханбердина Ү., Сейфуллина, Д. Қазақ кітабының шежіресі. – Алматы: Рауан, 1996. – 285 б. ISBN 5-625-01404-3
3. Қыдырханов М. Жанай шежіресі. – Павлодар: Кереку, 2005. – 368 б.
4. Қоқаш қажы. Дүние үшін ғибратнама. – Казан: Кәримия баспасы, 1907. – 32 б.
5. Жүнісұлы А. Шежірелі тау қойнауы. – Алматы: Өнер, 2003. – 384 б.

6. Биғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 208 б.
7. Алтынбаев Қ., Жұмахан Е. Ақсуат. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 320 б.
8. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері. – Астана: Фолиант, 2001. – 400 б.
9. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары: 11 томдық. Т. 11. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2007. – 418 б.
10. Нарманбет Орманбетұлы. Кер заман: өлеңдер. – Алматы: Алаш, 2004. – 320 б.
11. Kusanov S., Kakenova A., Adilkhanova Zh. Oriental style in the works of Kazakh poets. *Turkic Studies Journal*, № 5(2), – 2023. – P. 167-184. – DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184>.
12. Sapashev O. The works of Yasawi and the Sufi movement as the basis of Kazakh literature and literary language. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 148(3), – 2024. – P. 184-194. – DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-184-194>

References

1. Karimullin A.G. *Knigi i lyudi [Books and People]*. – Kazan: Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 1985. – 304 p. (In Russian)
2. Subkhanberdina U. Seifullina D. *Qazaq kitabynyng shezhiresi [Chronicle of the Kazakh Book]*. – Almaty: Rauan, 1996. – 285 p. – ISBN 5-625-01404-3 (In Kazakh)
3. Qydyrkanov M. *Zhanai shezhiresi [The Genealogy of Zhanai]*. – Pavlodar: Kereku, 2005. – 368 p. (In Kazakh)
4. Qoqash qazhy. *Dunie ushin ghibratnama [Admonition for the World]*. – Qazan: Karimiya baspasy, 1907. – 32 p. (In Kazakh)
5. Junisuly A. *Shezhireli tau qoinauy [In the Valley of the Genealogical Mountains]*. – Almaty: Oner, 2003. – 384 p. (In Kazakh)
6. Bighaliev B. *Abai omirbayany arkhiv derekterinde [Abai's Biography in Archival Documents]*. – Almaty: Qazaq universiteti, 2001. – 208 p. (In Kazakh)
7. Altynbaev Q. *Zhumakhan E. Aqsuat [Aksuat]*. – Almaty: Qazaqstan, 1998. – 320 p. (In Kazakh)
8. Zholdasbekov M. *Orkhon eskertkishteri [The Orkhon Inscriptions]*. – Astana: Foliant, 2001. – 400 p. (In Kazakh)
9. Mashhur Jusip Kopeiuly. *Shygarmalary. Vol. 11 [Collected Works. Vol. 11]*. – Pavlodar: EKO GOF, 2007. – 418 p. (In Kazakh)
10. Narmanbet Ormanbetuly. *Ker zaman: olender [The Time of Decline: Poems]*. – Almaty: Alash, 2004. – 320 p. (In Kazakh)
11. Kusanov S. Kakenova A. Adilkhanova Zh. Oriental style in the works of Kazakh poets. *Turkic Studies Journal*. 2023;5(2):167–184. DOI: 10.32523/2664-5157-2023-2-167-184
12. Sapashev O. The works of Yasawi and the Sufi movement as the basis of Kazakh literature and literary language. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*. 2024;148(3):184–194. DOI: 10.32523/2616-678X-2024-148-3-184-194

А.Д. Амренов¹, Т.Б. Кабышев^{2*}

¹Павлодарский педагогический университет имени Элкея Маргулана,
140002, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Торайгырова, 58.

²Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глиники, 20 А.

*e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

*ORCID: 0009-0007-7254-9472

**ИДЕЙНО-СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НАЗИДАТЕЛЬНОЙ ПОЭМЫ «ДУНИЕ
ҮШІН ҒИБРАТНАМА» КОКАША (КАРАСАЯ) ЕСЕНГЕЛЬДЫУЛЫ (1840-1923)**

Анотация. В условиях глобализации особую значимость приобретает изучение национального духовного наследия, в том числе научное переосмысление нравственно-этических ценностей, отражённых в традиционной литературе. В этом контексте исследование творческого наследия поэта Кокаша (Карасая) Есенгельдыулы, жившего в конце XIX – начале XX века, является одной из актуальных задач казахского литературоведения. Цель статьи – определить место произведения «Дүние үшін ғибратнама» в истории казахской литературы посредством комплексного анализа его идейно-содержательной основы, мировоззренческих концепций, художественной системы и воспитательно-дидактического значения. В ходе исследования были использованы историко-функциональный, герменевтический, сравнительно-исторический методы анализа. Содержание произведения рассматривается с позиций традиционного казахского мировоззрения, исламских ценностей, суфийского учения и национально-нравственных принципов. В результате установлено, что идейной основой произведения является преемственность исламского мировоззрения и традиционной казахской поэзии. Кроме того, системно проанализированы проблемы нравственности, духовности, бренности земной жизни, смысла человеческого существования и духовного совершенствования, а также обоснована их воспитательная и просветительская значимость для современного общества. Результаты исследования способствуют более широкому введению литературного наследия Кокаша Есенгельдыулы в научный оборот, углублению представлений об особенностях религиозно-дидактического направления казахской литературы и дальнейшему комплексному изучению национального литературного наследия.

Ключевые слова: коммуникативная ситуация, образ автора, идейное содержание, дидактика, религиозные термины, религиозное мировоззрение, биографическая дидактика.

A.D. Amrenov¹, T.B. Kabyshev^{2*}

¹Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University,
140002, Republic of Kazakhstan, Pavlodar, 58 Toraygyrov Str.

²Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey 20A Glinka Str.

*e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

*ORCID: 0009-0007-7254-9472

THE IDEOLOGICAL AND THEMATIC ANALYSIS OF KOKASH (KARASAI) ESENGELDYULY'S (1840-1923) DIDACTIC POEM DÜNIE ÜŞİN ĞIBRATNAMA

Abstract. In the context of globalization, the study of the national spiritual heritage, including the scholarly reinterpretation of moral and ethical values reflected in traditional literature, has become increasingly important. In this regard, the study of the literary legacy of Kokash (Karasai) Esengeldyuly, a Kazakh poet who lived in the late nineteenth and early twentieth centuries, represents one of the significant issues in Kazakh literary studies. The purpose of this article is to determine the place of the poem *Dünie üşin Ğibratnama* (“Admonition for the World”) in the history of Kazakh literature through a comprehensive analysis of its ideological and thematic content, worldview foundations, artistic system, and educational and didactic significance. The research employs historical-functional, hermeneutic, and comparative-historical methods. The poem is examined from the perspective of the traditional Kazakh worldview, Islamic values, Sufi teachings, and national moral and ethical principles. The findings demonstrate that the ideological basis of the work lies in the continuity between Islamic thought and the traditions of Kazakh poetic literature. Furthermore, the study systematically analyzes the themes of morality, spirituality, the transience of worldly life, the meaning of human existence, and spiritual perfection, substantiating their educational and enlightening significance for contemporary society. The results contribute to a broader integration of Kokash Esengeldyuly's literary heritage into academic discourse, deepen the understanding of the religious and didactic tradition in Kazakh literature, and promote further comprehensive research into the national literary heritage.

Keywords: communicative situation, image of the author, ideological content, didactics, religious terms, religious worldview, biographical didactics.

Авторлар туралы мәлімет

Амренов Адилбек Даутбекович – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан, e-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>.

Қабышев Талғат Болатұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>.

Сведения об авторах

Амренов Адилбек Даутбекович – кандидат филологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени Әлкея Марғұлана, Павлодар, Республика Казахстан, e-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>.

Кабышев Талгат Болатович – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>.

Information about authors

Adilbek Amrenov – candidate of philology, professor, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: adilbek.61@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>.

Talgat Kabyshev – candidate of philological sciences, senior lecturer, Department of kazakh philology Shakarim university, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>.

Редакцияға енуі 12.04.2026

Жариялауға қабылданды 30.06.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-12](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-12)

IRSTI: 17.71.91

P. Auyesbayeva¹, S. Kadir Khanova^{*2}, S. Seilbek

^{1,3}M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28 Shevchenko Str.

² Al-Farabi Kazakh National University,
050040, Republic of Kazakhstan Almaty, 71 Al-Farabi Avenue

^{*}ORCID: 0009-0004-2416-1957

^{*}e-mail: sandugash_kadir Khanova@mail.ru

AIMAN -SHOLPAN: THE INTERSECTION OF FOLKLORE TRADITION AND MODERN APPROACHES

Abstract. The article provides an extensive analysis of the scholarly perspectives on the poem «Aiman-Sholpan» that have developed from the 19th to the 21st century. It identifies how researchers' genre classifications have changed over time, interpreting the work as a lyrical epic, a love narrative, a ballad-type story, a historical epic poem, or a dastan. The study also notes that only one version of the poem has survived and that it was published multiple times in Kazan editions. The main scholarly viewpoints of S.A. Kaskabasov, M. Gabdullin, K. Zhumaliev, M.O. Auezov, and M. Akynzhanov are compared, highlighting their distinct approaches to genre, historical context, and poetic analysis. Particular attention is given to systematizing scholarly views on conflicting notions about the poem's characters (the image of Kotibar, Aiman as a new model of the female character, and the confrontation between tradition and modernity). The article focuses on the poem's historical foundation, its compositional structure, the socio-ideological implications of its characters, and its assessment as a text at the intersection of folklore tradition and modernity. The study demonstrates the complexity of the genre nature of Aiman-Sholpan and confirms that scholars of different periods have consistently viewed it as a multilayered epic work. In addition, Aiman-Sholpan serves not only as a work of art, but also as a guardian of the spiritual and cultural memory of the people, a carrier of aesthetic taste and moral values. The results of the study allow a deeper understanding of the relationship between Kazakh folklore and written literature, as well as literary and theoretical systematization.

Keywords: poem, text, plot, motive, image, folklore, hero.

Introduction

Opinions on the poem «Aiman-Sholpan» span the period from the 19th to the 21st centuries. However, none of them are identical. Regarding the poem's genre, scholars have at various times called it a love poem, a lyrical epic, a ballad, a historical epic, or a dastan, examining the work from